

№41 «Назерке» бөбекжай- балабақшасы

Әдістемелік кеңес хаттамасы

2025-2026 оқу жылы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Хаттама №6

Өткізілген күні: 13.02.2026 жыл

Қатысқандар:22

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Топтардағы вариативтік компоненттің орындалуы.
3. Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы пікірталас

1. Тыңдалды: Өткен кеңесте қабылданған шешімдер толық орындалды. Таңғы жаттығу топтарда жүйелі түрде, талапқа сай ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта жаттығу түрлерін түрлендіріп, ашық көрсетілімдер ұйымдастыру жоспарлануда.

2.Тыңдалды: Әдіскер Ниетбаева Гүлгүл Жұмамұратқызы сөз алып, вариативтік компоненттің жылдық жоспарға сәйкес жүргізілуін талдады. Топтарда вариативтік сағаттар оқу жоспарына сай аптасына 2 рет өткізіліп отырғаны айтылды. Ортаңғы, ересек және мектепалды топтарында вариативтік компонент мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған. Сабақтарда ойын технологиялары, дамытушы тапсырмалар, дидактикалық ойындар кеңінен қолданылған. Алайда кейбір топтарда күнтізбелік жоспарлау мен іс-әрекет мазмұны арасында сәйкессіздік байқалғаны және құжаттаманы толтыруда кемшіліктер бар екені ескертілді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші: Бисеналина Д.Н. вариативтік компонент барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы тәжірибесімен бөлісті. Балалардың қызығушылығы артқанын, шығармашылық қабілеттері дамып келе жатқанын атап өтті.

3. ПІКІРТАЛАС БАРЫСЫ:

Пікірталас барысында педагогтер кәсіби дамудың маңыздылығы туралы ой бөлісті.

Тәрбиеші Қиялова А өз білімін жетілдіру барысында заманауи технологияларды қолданудың тиімділігі туралы айтты.

Тәрбиеші Тоқан Гүлжанат тәжірибе алмасудың педагог шеберлігін арттырудағы рөлін атап өтті.

Педагогтер өзара әдістемелік қолдау мен тәлімгерлік жұмысты күшейту қажеттігін ұсынды.

Қатысушылар кәсіби даму үздіксіз үдеріс екендігі және оның білім сапасына тікелей әсер ететіні жөнінде ортақ пікірге келді.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы әдістемелік отырыста күн тәртібі мәселелерін тыңдап, талқылай келе, қаулы етті.

Қаулы:

1. Топтардағы вариативтік компоненттің орындалуы **жақсы** деп танылсын.
2. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы **жақсы** деп танылсын.

Төрайым:  А.Е Карабалина
Хатшы:  Г.Ж Ниетбаева